**"Денсаулық" журналы туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 13 шілде 1994 ж. N 789

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі мен Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің "Денсаулық" журналына құрылтайшылар болу жөніндегі ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп "Денсаулық" журналының шығынын жабу үшін жыл сайын дотация бөлуді қарастырсын.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі "Денсаулық" журналының редакциясына үй-жай беру, материалдық-техникалық ресурстармен, қызмет көлігімен қамтамасыз ету мәселелерін шешетін болсын.

4. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі " Денсаулық" журналын қажетті полиграфиялық қуаттармен және қағазбен қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК